



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

**2020 жылғы 21 – 28 тамыз аралығында жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу**

*2020 жылғы 1 қыркүйек*

Сауда-саттық қорытындысы бойынша 28 тамызда теңгенің нарықтық бағамы бір аптада 0,4%-ға (418,62-ден) әлсіреп, бір АҚШ доллары үшін 420,11 теңге деңгейінде қалыптасты.

Сыртқы валюта нарығында 2020 жылғы 21 – 28 тамыз аралығындағы кезеңде бірқатар маңызды оқиғалар орын алды. Сауда өкілі, АҚШ қаржы министрі және Қытай вице-премьері арасындағы телефон келіссөздерінің қорытындысы бойынша тараптар 1-кезең шеңберінде мәмілені орындаудағы прогресті атап өтті. АҚШ ФРЖ Төрағасы монетарлық саясаттағы жаңа тәсіл туралы жариялады, онда инфляция мен жұмыссыздық бойынша мақсаттарды жеңілдетті – ОБ инфляцияның мерзімді 2%-дан асып кетуіне жол береді, бұл сонымен қатар негізгі мөлшерлеме ұзақ уақыт бойы төмен деңгейде болуы мүмкін екенін көрсетеді. АҚШ-та COVID-19 бар науқастарға қан плазмасын құюға ресми түрде рұқсат етілді, Moderna фармацевтік компаниясы ЕО-ға эксперименттік вакцинаның 80 млн дозасын жеткізуді қамтамасыз етеді. Жапония Премьер-Министрі Синдзо Абэ денсаулығына байланысты отставкаға кетуге шешім қабылдады.

Дамушы елдер валюталарының<sup>1</sup> АҚШ долларына қатысты бағамдарының серпіні төмендегідей қалыптасты:

- **Бразилия реалы** ФРЖ Төрағасының сөз сөйлеуінен кейін АҚШ долларының жаһандық әлсіреуі және елдің экономика министрінің қызметінен кетуіне қатысты алаңдаушылықтың төмендеуі аясында 4,1%-ға (5,62-ден 5,39-ға дейін) нығайды;
- **Оңтүстік Африка** ранды 3,3%-ға (17,16-дан 16,6-ға дейін) нығайды. ОАР Covid-19 вакцинасын өндіруге қатысу туралы шартқа қол қоюы мүмкін, бұл құрлықта иммундауға қол жетімділікті арттырады;
- **үнді рупиясы** қор нарығына капиталдың әкелінуі және ОБ тарапынан валюталық өктемдіктің төмендеуі аясында 1,9%-ға (74,85-тен 73,4-ға) нығайды (өткен аптада резервтердің өсуі баяулады);
- **Ресей рублі** мұнайға баға белгілеудің өсуі аясында 1,1%-ға (74,82-ден 74,03-ке дейін) нығайды;
- **Индонезия рупиясы** 1%-ға (14 773-тен 14 632-ге дейін) нығайды. ОБ ірі экспорттаушылардың валюталық түсімін ұлттық валютаға міндетті түрде айырбастауды талап ететін қаулыны енгізуді дайындауда;

---

<sup>1</sup>АҚШ долларына қатысты көлемі тұрғысынан неғұрлым көп саудаланатын дамушы елдердің валюталары

- **Мексика песосы** АҚШ долларының жаһандық әлсіреуі аясында 1%-ға (21,97-ден 21,76-ға дейін) нығайды;
- **түрік лирасы** бір апта ішінде іс жүзінде өзгерген жоқ, 7,32-ден 7,33-ке дейін 0,1%-ға әлсіреді.


**Толығырақ ақпарат БАҚ өкілдері үшін мына телефон арқылы қолжетімді:**

+7 (717) 2 775 205


e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)

**Дамушы елдер валюталарының АҚШ долларына қатысты  
бағамдарының өзгеруі, % (2020 жылдың басынан бастап 2020 жылғы 28  
тамыз аралағында)**



**Дамушы елдер валюталарының АҚШ долларына қатысты  
бағамдарының өзгеруі, % (2020 жылғы 21 тамыз - 28 тамыз аралағында)**



**Дамушы елдер валютасының серпіні (2020 жылғы 14 тамыз =100, индекстің өсуі – валютаның нығаюы)**

